

Ж. Қ. ТҮЙМЕБАЕВ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

ГРАММАТИКАЛЫҚ
АНЫҚТАҒЫШ

КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

**ГРАММАТИЧЕСКИЙ
СПРАВОЧНИК**

Ж.Қ.Түймебаев

ҚАЗАҚ ТІЛІ

**Грамматикалық
анықтағыш**



КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

**Грамматический
справочник**

АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ» ғылыми баспа орталығы
2004

Түймебаев Ж. Қ.

Т 87 Қазақ тілі: Грамматикалық анықтағыш. –Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2004. –108 б.

Грамматикалық көрсеткіштер жүйелі түрде кестеге түсіріліп, тілдік анықтамалар мен қағидалар тез де жеңіл түсіну мақсатымен берілген. Буын үндестігі заңдылықтары бойынша қосымшалардың жалғану тәртібі түсінікті және жүйелі түрде көрсетілген.

Анықтағыш қазақ тілін үйренуші жалпы жұртшылыққа, мектеп оқушыларына, студенттерге және қазақ тілі мамандарына арналады.

Түймебаев Ж. К.

Т 87 Казахский язык: Грамматический справочник. –Алматы: НИЦ «Ғылым», 2004. –108 с.

ISBN 9965–07–344–9

Систематически изложены и наглядно в виде таблиц рассматриваются важные вопросы казахской грамматики в целях быстрого и легкого усвоения языковых положений и правил.

Справочник предназначен для широкого круга читателей, изучающих казахский язык, учеников школ, студентов и специалистов по казахскому языку.

Т 4602030000
407 (05) – 04

ББК 81.2 каз я 2

ISBN 9965–07–344–9

Түймебаев Ж. Қ., 2004

КІРІСПЕ ВВЕДЕНИЕ

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының тұрғылықты халқы – қазақ халқының және оның шекарасынан тыс өмір сүріп жатқан қазақтардың (Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия т. б.) ұлттық тілі.

Қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып есептеледі.

Қазақ тілі түркі тілдерінің (солтүстік-шығыс ареал) қыпшақ тобына кіреді (татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым, Қырым татарлары, қарақалпақ, ноғай) де, әсіресе ноғай, қарақалпақ тілдеріне жақын болып табылады.

Қыпшақ ареалы Шығыс Еуропаның Солтүстік Қырымын, Волганың төменгі жағалауы мен Солтүстік Кавказды және Қазақстанды, Хорезмнің бір бөлігін, Қарақалпақстанды, Өзбекстанның бір бөлігін қамтиды.

Казахский язык – национальный язык казахского народа, коренного населения Республики Казахстан, а также проживающего за ее пределами (Россия, Узбекистан, Китай, Монголия и т.д.).

Казахский язык является государственным языком Республики Казахстан.

Казахский язык входит в кыпчакскую группу (северо-восточный ареал) тюркских языков (татарский, башкирский, карачаево-балкарский, кумыкский, караимский, крымско-татарский, каракалпакский, ногайский) и наиболее близок к ногайскому и каракалпакскому языкам.

Кыпчакский ареал охватывает собственно Казахстан, часть Восточной Европы – Северный Крым, низовья Волги, Северный Кавказ, часть Хорезма, Каракалпакию и часть Узбекистана.

Қазақ жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. 1929 жылға дейін араб графикасы, ал 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын графикасы қолданылды. 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасы қолданылуда.

Қазіргі қазақ әліпбиі 42 әріптен тұрады: 15 әріп дауыстыларды таңбалайды (а, ә, о, ө, ы, і, у, ұ, ү, э, и, ю, я, е, ё); 25 әріп дауыссыздарды таңбалайды (б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ); 2 әріп жуандық (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілерін береді.

Қазақ тіліне ғана тән дыбыстар: ә, ө, ұ, ү, і, к, ғ, ң, һ.

Қазақ тілінде екпін көбіне сөздің соңғы буынына түседі.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар жуан дауысты бар буында жуан (қал/ь); жіңішке дауысты бар буында жіңішке айтылады (кел/ь).

Қазақ тілінде заттың меншіктілігін білдіргенде тек есімдіктер ғана емес, сонымен бірге арнайы тәуелдік жалғаулары да қолданылады.

Менің бала-м (Мой сын)
Сенің дәптер-ің (Твоя тетрадь)
Оның дәптер-і (Его тетрадь)

Казахская письменность претерпела ряд изменений. Так, до 1929 года в ее основе лежала арабская графика, с 1929 по 1940 год – латинская графика, а с 1940 года по настоящее время – русская графика (кириллица).

Современный казахский алфавит состоит из 42 букв: 15 букв для передачи гласных (а, ә, о, ө, ы, і, у, ұ, ү, э, и, ю, я, е, ё), 25 букв для передачи согласных (б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ), 2 знака – ь (твердый знак) и ь (мягкий знак).

Присущими только казахскому языку являются звуки ә, ө, ұ, ү, ғ, і, к, ғ, ң, һ.

В казахском языке ударение большей частью падает на последний слог слова.

В казахском языке согласные звуки в слогах с твердыми гласными произносятся твердо (қал/ь), а с мягкими гласными – мягко (кел/ь).

В казахском языке при обозначении принадлежности предмета употребляются не только притяжательные местоимения, но и особые притяжательные окончания.

Қазақ тілінде предлогтар жоқ. Орыс тіліндегі предлогтардың мағынасы қазақ тілінде көбінесе септеулік шылаулар арқылы, сонымен бірге септік жалғаулар арқылы да беріледі.

балалар үшін — для детей
Мұратқа алдым — купил для Мурата

Қазақ тілінде егер зат есімнің алдында сан есім тұрса, зат есім көптік жалғауын қабылдамайды.

бес студент — пять студентов
(бес студенттер емес)
он оқушы — десять учеников
(он оқушылар емес)

Қазақ тілінде сан есімдер мен сын есімдер зат есімнің алдында анықтауыш қызметінде келгенде сан жағынан өзгермейді және септелмейді.

жақсы кітап — хорошая книга
жақсы кітаптар — хорошие книги
жақсы кітапты — хорошую книгу

үш оқушы — три ученика
үш оқушыға — трем ученикам
екінші бөлме — вторая комната
екінші бөлмені — вторую комнату

В казахском языке нет предлогов. Значение русских предлогов большей частью передается посредством послелогов, а также в форме косвенных падежей.

Если перед существительным стоит числительное, то окончание множественного числа в существительном не употребляется.

В казахском языке числительные и прилагательные в функции определения перед существительным не изменяются ни в числе, ни в падеже.

Қазақ тілінде орыс тіліндегідей род категориясы жоқ. Сондықтан сын есім, реттік сан есім, есімдіктер сөйлем мағынасына қарай орыс тіліне мужской, женский, средний род бойынша аударыла береді.

В казахском языке категория рода отсутствует, поэтому одно и то же прилагательное, местоимение или порядковое числительное в зависимости от смысла предложения может переводиться на русский язык в мужском, женском или среднем роде.

үлкен үй — большой дом
үлкен бөлме — большая комната
үлкен терезе — большое окно

біздің үй — наш дом
біздің мектеп — наша школа
біздің көл — наше озеро

екінші көше — вторая улица
екінші орын — второе место
екінші сынып — второй класс

Қазақ тілінде есім сөз таптары орыс тіліне қарағанда жақ бойынша түрленеді. Есім сөз таптарының жекеше және көпше түрде жіктелуі:

В казахском языке именные части речи (в отличие от русского языка) изменяются по лицам. Спряжение именных частей речи в единственном и во множественном числе:

Жекеше (Ед. ч.)

- 1. Мен оқушымын (Я ученик)*
- 2. Сен оқушысың (Ты ученик)*
Сіз оқушысыз (Вы ученик)
- 3. Ол оқушы (Он ученик)*

Көпше (Мн. ч.)

- 1. Біз оқушымыз (Мы ученики)*
- 2. Сендер оқушысыңдар (Вы ученики)*
Сіздер оқушысыздар (Вы ученики)
- 3. Олар оқушы (лар) (Они ученики)*

Жіктеу есімдіктерінің жіктеліп тұрған сөз таптарының алдында тұруы міндетті емес, өйткені жіктік жалғаулары олардың қай жақта тұрғандығын көрсетіп тұрады.

Қазақ тілінде **кім?** сұрағы орыс тіліне қарағанда тек адамзатқа қойылады, қалған зат есімдерге, оның ішінде жандыларына да тек **не?** деген сұрақ қойылады.

*Кім? – Әке (Отец)
Не? – Ат (Лошадь)*

Сын есім заттанған жағдайда жақ бойынша түрленеді, тәуелдік жалғауын қабылдайды және септеледі.

1. жақсы (хороший)
2. жақсының (хорошего)
3. жақсыға (хорошему)
4. жақсыны (хорошего)
5. жақсыда (у хорошего)
6. жақсыдан (хорошего)
7. жақсымен (с хорошим)

Қазақ тілінде есімше зат есімнің алдында анықтауыш қызметінде келгенде орыс тіліндегідей септік бойынша, сандық жағынан түрленбейді.

Употребление личных местоимений (**мен, сен, біз, ол**) перед спрягаемыми частями речи не обязательно, поскольку в личных аффиксах содержится указание на соответствующее лицо.

В казахском языке в отличие от русского вопрос **кім? (кто?)** ставится лишь к существительным, обозначающим человека, а ко всем остальным существительным, в том числе и к одушевленным, ставится вопрос **не? (что?)**.

Имя прилагательное, субстантивирываясь, спрягается по лицам, принимает аффиксы принадлежности и склоняется.

1. Мен жақсымын (Я хороший)
2. Сен жақсысың (Ты хороший)
3. Ол жақсы (Он хороший)

1. Менің көріктім (Моя красавица)
2. Сенің көріктің (Твоя красавица)
3. Оның көріктісі (Его красавица)

В казахском языке причастие перед определяемым существительным не изменяется ни по падежам, ни по числам в отличие от русского языка, где причастие согласуется с определяемым словом в роде, числе и падеже.

келген кісі — приехавший человек
келген кісілер — приехавшие люди
келген кісіні — приехавшего человека

Қазақ тілінде сан есімдер (есептік, реттік) зат есімнің алдында анықтауыш қызметінде қолданылғанда сан жағынан түрленбейді және септелмейді.

В казахском языке имена числительные (количественные, порядковые), употребляясь в предложении перед существительным в функции определения, не изменяются в числе и падеже.

бір үй — один дом
бірінші үй — первый дом
бір үйде — в одном доме
бірінші балаға — первому мальчику

Дауысты дыбыстар (Гласные звуки): **а, ә, о, ө, е, ұ, ү, ы, і, и, (у)**

Сөйлегенде ауаның дауыс шымылдығынан кедергісіз, еркін шығуынан пайда болған дыбыстарды **дауысты дыбыстар** дейміз.

При образовании **гласных звуков** воздух проходит свободно, не встречая преграды в виде органов речевого аппарата.

Қазақ тіліне тән дауыстылар

(Специфические гласные казахского языка): **ә, ө, ұ, ү, і.**

I.	Тілдің қатысына қарай (по положению языка)	Жуан (твердые)	а, о, ұ, ы, у
		Жіңішке (мягкие)	ә, ө, ү, і, е, и
II.	Еріннің қатысына қарай (по участию губ)	Еріндік (губные)	о, ө, ұ, ү, у
		Езулік (негубные)	а, ә, ы, і, е, и
III.	Жақтың қатысына қарай (по степени раскрытия рта)	Ашық (широкие)	а, ә, о, ө, е
		Қысаң (узкие)	ұ, ү, ы, і, и, у

Дауыссыз дыбыстар (Согласные звуки): **б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, (у)**

Сөйлегенде ауа кедергіленіп шығатын дыбыстарды **дауыссыз дыбыстар** дейміз.

Согласные образуются при преодолении различного рода преград в разных участках речевого аппарата.

Қазақ тіліне тән дауыссыздар

(Специфические для казахского языка согласные): **к, ғ, ң, һ.**

I. Дауыстың (салдырдың) қатысына қарай

(По участию шума и голоса)

1. Қаған (глухие)	п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, х, ц, ч	
2. Уяң (звонкие)	б, в, г, ғ, д, ж, з	
3. Үнді (сонорные)	1. Мұрын жолды (носовые)	м, н, ң
	2. Ауыз жолды (плавные)	л, р, й, у

II. Жасалу орнына карай

(По месту образования)

1. Еріндік (губные)	1. Еріндік (губные)	п, б, м, у
	2. Ерін мен тіс (губно-зубные)	ф, в
2. Тіл (язык)	1. Тіл алды (переднеязычные)	т, д, с, з, ш, щ, ж, ц, ч, н, р, л
	2. Тіл ортасы (среднеязычные)	й, к, г
	3. Тіл арты (заднеязычные)	к, г, н, х
3. Көмейлік (гортанные)	һ	

III. Айтылу жолына карай

(По способу образования)

1. Шұғыл (смычные)	п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң
2. Ызың (шелевые)	ф, в, з, с, ж, ш, щ, х, г, һ, л, й,
3. Діріл (вibrant)	р

Буын үндестігі (Сингармонизм или гармония гласных)

Қазақ тіліндегі тума сөздердің бірыңғай жуан не жіңішке буынды болып келуі *буын үндестігі* деп аталады. Буын үндестігі заңдылығы кірме сөздерде сақтала бермейді (*кі-тап, му-ға-лім*).

Сингармонизм (гармония гласных) – это фонетический закон, регулирующий качество гласных в слове: в слове гласные звуки должны быть единообразны, созвучны (гармоничны) или по положению языка, или по участию губ.

1.1. Егер сөздің алдыңғы буыны жуан болса, келесі буын да жуан болады.

$$\sqrt{\text{жуан} + \text{жуан}}$$

қа+ғаз
ба+ла

1.2. Егер сөздің соңғы буыны жуан болса, қосымша да жуан болады.

$$\sqrt{\text{жуан} + \text{жуан}}$$

қағаз+ды
бала+лар

2.1. Егер сөздің алдыңғы буыны жіңішке болса, келесі буын да жіңішке болады.

$$\sqrt{\text{жіңішке} + \text{жіңішке}}$$

те+ре+зе
ең+бек

2.2. Егер сөздің соңғы буыны жіңішке болса, қосымша да жіңішке болады.

$$\sqrt{\text{жіңішке} + \text{жіңішке}}$$

терезе+ге
еңбек+тің

Ескерту:

1) Түбірдің соңғы буынының жуан, жіңішкелігіне карамай, өз қалпын сақтап тіркесетін қосымшалар:

$\sqrt{\text{жуан}}$
 $\sqrt{\text{жінішке}}$ +
 $\left\{ \begin{array}{l} \text{-гер, -кер (сауда-гер, айла-кер, іс-кер)} \\ \text{-дар (жара-дар, білім-дар)} \\ \text{-паз (ас-паз, өнер-паз)} \\ \text{-пен, -бен, -мен (қол-мен, жер-мен)} \\ \text{-хана (см-хана, ауру-хана)} \\ \text{-қор (жала-қор, жем-қор)} \\ \text{-нікі, -дікі, -тікі (әксем-дікі, бала-нікі)} \end{array} \right.$

2) Х дыбысына біткен сөздерге жалғанатын қосымша әр уақытта жуан болады.

$\sqrt{\dots\text{х}+\text{жуан}}$
 цех+та
 цех+қа

3) Соңы ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, брь, бль сияқты дыбыстар тіркесіне біткен сөздерге жалғанатын қосымша әр уақытта жінішке болады.

$\sqrt{\left. \begin{array}{l} \text{ог, уг, рк, рг,} \\ \text{нк, нг, кс, кт,} \\ \text{ск, лк, нкт,} \\ \text{кль, брь, бль,} \end{array} \right\} + \text{жінішке}}$
 педагог+ті
 парк+ке

Ерін үндестігі (Губная гармония)

1. Алдыңғы буында еріндік о, ү дауыстылары болса, келесі буындағы қысаң ы еріндік ү дыбысына айналады.

$$\sqrt{\text{о, ү} + \text{ы}} = \sqrt{\text{о, ү} + \text{ү}}$$

1.1. о+рын = о+рүн

кү+лын = кү+лүн

1.2. той+ды = той+дү

түр+ды = түр+дү

2. Алдыңғы буында еріндік **ө, ү** дауыстылары болса, келесі буындағы қысаң **і** еріндік **ү** дауыстысына айналады.

$$\sqrt{\text{ө, ү} + \text{і}} = \sqrt{\text{ө, ү} + \text{ү}}$$

2.1. **ө+мір = ө+мүр**

ү+міт = ү+мүт

2.2. **өш+ті = өш+тү**

күл+ді = күл+дү

3. Алдыңғы буында еріндік **ө, ү** дауыстылары болса, келесі буындағы қысаң **е** еріндік **ө** дауыстысына айналады.

$$\sqrt{\text{ө, ү} + \text{е}} = \sqrt{\text{ө, ү} + \text{ө}}$$

3.1. **ө+лең = ө+лөң**

кү+рек = кү+рөк

3.2. **көр+се = көр+сө**

күл+се = күл+сө

Дыбыс үндестігі (Ассимиляция или гармония согласных)

Түбір мен қосымша немесе сөздер аралығында қатар келген дыбыстардың бір-біріне ықпал етіп, үндесіп бейімделіп, бірін-бірі игеруі *дыбыс үндестігі* деп аталады.

Дыбыс үндестігі заңдылығының 3 түрі бар:

1. **Ілгерінді ықпал** (Прогрессивті ассимиляция).

2. **Кейінді ықпал** (Регрессивті ассимиляция).

3. **Тоғыспалы ықпал** (Тоғыспалы ассимиляция).

I. Ілгерінді ықпал (Прогрессивная ассимиляция)

Түбір мен қосымша немесе сөздер аралығында қатар келген дыбыстардың алдыңғысының кейінгі дыбысқа ықпал етіп, игеріп үндесуі *ілгерінді ықпал* деп аталады.

Прогрессивная ассимиляция – это уподобление последующего звука предыдущему.

1. Сөз дауыстыға немесе үндіге аяқталса, қосымша ұяң не үндіден басталады.

$$\sqrt{\begin{array}{l} \text{Дауысты} \\ \text{Үнді} \end{array}} + \begin{array}{l} \text{ұяң} \\ \text{үнді} \end{array}$$

бала+ға
бала+мен
қол+ды
қол+мен

Ескерту:

1) Қатаң с және ш дыбыстары бұл заңға бағынбайды:

бала-сыз, бала-ша
бар-са, бар-сып
бар-шы, ойын-шық

2) Дауысты және үнді л, р, й, н дыбыстарынан кейін өзгелік етістің т жұрнағы жалғана алады:

кара-т, қарай-т, түрлен-т, қызар-т

3) -қар, -кеш, -күнем, -паз, -хана, -тай жұрнақтары да бұл заңға бағынбайды:

жалақор, арбакеш, пайдакүнем, өнерпаз, емхана, әкетай

2. Сөз ұяңға аяқталса, қосымша ұяңнан басталады.

$$\sqrt{\text{ұяң}} + \text{ұяң}$$

қыз+дар
қыз+ға
тәж+ді

3. Сөз қатаңға аяқталса, қосымша қатаңнан басталады.

$$\sqrt{\text{қатаң}} + \text{қатаң}$$

кітап + тар
дос + қа

Ескерту:

Сөз ұяң б, в, г, д дауыссыздарына аяқталса, қосымша қатаңнан басталады.

Айтылуы

$$\sqrt{\begin{array}{c} б \\ в \\ г \\ д \end{array} \left(\begin{array}{c} п \\ ф \\ к \\ т \end{array} \right)} + \text{қатаң}$$

клуб+қа, отряд+тан, Болатов+қа, педагог+пен

4. Сөздер аралығында алдыңғы сыңары дауысты, ұяң не үндіге аяқталып, кейінгі сыңары қатаң **қ, к** дыбыстарынан басталса, олар ұяңданып кетеді.

$$\sqrt{\begin{array}{c} \text{дауысты} \\ \text{ұяң} \\ \text{үнді} \end{array}} + \text{қ, к} = \sqrt{\begin{array}{c} \text{дауысты} \\ \text{ұяң} \\ \text{үнді} \end{array}} + \text{ғ, г}$$

4.1. Біріккен сөздер аралығында:

$$\begin{array}{l} \text{Қара+көз} = \text{Қара+гөз} \\ \text{Талды+қорған} = \text{Талды+ғорған} \\ \text{бір+қатар} = \text{бір+ғатар} \end{array}$$

4.2. Сөз тіркесі сыңарлары аралығында:

$$\begin{array}{l} \text{күз келді} - \text{күз гелді} \\ \text{жау қайда} - \text{жау ғайда} \end{array}$$

5. Сөз **ш** дыбысына аяқталып, қосымша **с** дыбысынан басталса, **с** дыбысы **ш** дыбысына айналады.

$$\begin{array}{l} \sqrt{\text{ш}} + \text{с...} = \sqrt{\text{...ш}} + \text{ш} \\ \text{қаш+са} = \text{қаш+ша} \\ \text{іш+сін} = \text{іш+шін} \end{array}$$

6. Алдыңғы сөз қатаңға аяқталып, кейінгі сөз ұяң б дыбысынан басталса, ол қатаңға (п) айналады.

$$\sqrt{\text{қатаң}+\text{б}...} = \sqrt{\text{қатаң}+\text{п}}$$

6.1. Біріккен сөздер аралығында:

$$\begin{aligned}\text{Айт}+\text{бай} &= \text{Айт}+\text{пай} \\ \text{Жүсіп}+\text{бек} &= \text{Жүсіп}+\text{пек}\end{aligned}$$

6.2. Сөз тіркесі сыңарлары аралығында:

$$\begin{aligned}\text{көп бала} &= \text{көп пала} \\ \text{әкеп бер} &= \text{әкеп пер}\end{aligned}$$

II. Кейінді ықпал (Регрессивная ассимиляция)

Түбір мен қосымша немесе сөздер аралығында қатар келген дыбыстардың кейінгісінің алдыңғы дыбысқа ықпал етіп, игеріп үндесуі *кейінді ықпал* деп аталады.

Регрессивная ассимиляция – это уподобление предыдущего звука последующему.

1. Сөз қатаң **к, к, п** дыбыстарына аяқталып, қосымша не келесі сөз дауысты, үнді және ұяң **д, ж, з** дыбыстарынан басталса, сөз соңындағы **к, к, п** ұяңданып **ғ, г, б** дыбыстарына айналады.

$$\sqrt{\begin{matrix} \text{к} \\ \text{к} \\ \text{п} \end{matrix}} + \left\{ \begin{array}{l} \text{дауысты} \\ \text{үнді} \\ \text{ұяң д, ж, з} \end{array} \right. = \sqrt{\begin{matrix} \text{ғ} \\ \text{г} \\ \text{б} \end{matrix}} + \left\{ \begin{array}{l} \text{дауысты} \\ \text{үнді} \\ \text{ұяң д, ж, з} \end{array} \right.$$

1.1. Түбір мен қосымша аралығында:

$$\begin{aligned}\text{жүрек} + \text{i} &= \text{жүрег}+\text{i} \\ \text{тарақ} + \text{ым} &= \text{тарағ}+\text{ым} \\ \text{ақ-ып} &= \text{ағ}+\text{ып} \\ \text{бақ}+\text{ады} &= \text{бағ}+\text{ады} \\ \text{шап}+\text{у} &= \text{шаб}+\text{у}\end{aligned}$$

1.2. Сөз бен сөз аралығында:

ақ ешкі = ағ ешкі
көк аспан = көг аспан
жоқ зат = жоғ зат
ақ жауын = ағ жауын

Ескерту:

1) Қосымша дауыстыдан басталып, сөздің екінші буынындағы қысаң дауыстылар түскен жағдайда сөз соңындағы **к, қ, п** қатаң дыбыстары уяңданбайды.

бөрік – бөркі, халық – халқы, қалып – қалпы, әріп – әрпі

2) Еліктеуіш сөздердің соңындағы **к, қ, п** қатаң дыбыстар уяңданбайды.

қарқ етті, селк етті, зып етті

2. Сөз қатаң **п** дыбысына аяқталып, оған көсемшенің **-ып, -іп** жұрнағы жалғанғанда, қатаң **п** үнді **у** дыбысына айналады.

$$\begin{array}{l} \sqrt{\text{п}} + \begin{array}{l} \text{-ып} \\ \text{-іп} \end{array} = \sqrt{\dots\text{у}} + \begin{array}{l} \text{-ып} \\ \text{-іп} \end{array} \\ \text{тап} + \text{ып} = \text{тау} + \text{ып} \\ \text{кеп} + \text{іп} = \text{кеу} + \text{іп} \end{array}$$

3. Сөз үнді **н** дыбысына бітіп, қосымша не кейінгі сөз **б, п, м** дыбыстарынан басталғанда, **н** қос ерін **м** дыбысына айналады.

$$\sqrt{\text{н}} + \begin{Bmatrix} \text{б} \\ \text{п} \\ \text{м} \end{Bmatrix} = \sqrt{\text{м}} + \begin{Bmatrix} \text{б} \\ \text{п} \\ \text{м} \end{Bmatrix}$$

3.1. Түбір мен қосымша аралығында:

сен+беді – сем+беді
келген+мін келгем+мін

3.2. Сөз бен сөз аралығында:

Бөген+бай = Бөгем+бай
он бес = ом бес
Жан+пейіс = Жам+пейіс
он парақ = ом парақ
кен мен жер = кем мен жер

4. Сөз **н** дыбысына бітіп, қосымша не кейінгі сөз **к, к, ғ, г** дыбыстарынан басталғанда, **н** дыбысы **ң** дыбысына айналады.

$$\sqrt{\text{н}} + \begin{cases} \text{к} \\ \text{к} \\ \text{ғ} \\ \text{г} \end{cases} = \sqrt{\text{ң}} + \begin{cases} \text{к} \\ \text{к} \\ \text{ғ} \\ \text{г} \end{cases}$$

4.1. Түбір мен қосымша аралығында:

сән+қой = сәң+қой
сен+гем = сең+гем
тон+ға = тоң+ға

4.2. Сөз бен сөз аралығында:

он ғасыр = оң ғасыр
Аман+құл = Амаң+ғұл
Сәрсен+гүл = Сәрсең+гүл

5. Сөз ұяң **з** не қатаң **с** дыбыстарына аяқталып, қосымша не кейінгі сөз қатаң **ш** дыбысынан басталғанда, **з, с** дыбыстары **щ** дыбысына айналады.

$$\sqrt{\frac{\text{з}}{\text{с}}} + \text{ш...} = \sqrt{\frac{\text{...ш}}{\text{...ш}}} + \text{щ}$$

5.1. Түбір мен қосымша аралығында:

сөз+шең — сөш+шөң
таз+ша — таш+ша
қос+шы — қош+шы
ойлас+шы — ойлаш+шы

5.2. Сөз бен сөз аралығында:

тез шық — теш шық
бос шелек — бош шелек
көз шалды — көш шалды
бас шайқау — баш шайқау

6. Сөз ұяң з дыбысына бітіп, қосымша не кейінгі сөз қатаң с дыбысынан басталғанда, ұяң з қатаң с дыбысына айналады.

$$\sqrt{з} + с = \sqrt{...с} + с$$

6.1. Түбір мен қосымша аралығында:

жаз+са = жас+са
көз+сіз = көс+сіз

6.2. Сөз бен сөз аралығында:

көз салу = көс салу
күз сайын = күс сайын

7. Сөз ұяң з дыбысына бітіп, кейінгі сөз ұяң ж дыбысынан басталғанда, з дыбысы ж дыбысына айналады.

$$\sqrt{з} + ж = \sqrt{ж} + ж$$

Боз+жігіт = Бож+жігіт
жүз жыл = жүж жыл
мүз жарғыш = мүж жарғыш

III. Тоғыспалы ықпал (Прогрессивно-регрессивная ассимиляция)

Сөз бен сөз аралығында қатар келген дыбыстардың бір-біріне ілгерілі-кейінді ықпал етуінің нәтижесінде екеуінің де өзгеріске ұшырауы **тоғыспалы ықпал** деп аталады.

Прогрессивно-регрессивная ассимиляция – это взаимное уподобление соседних звуков.

1. Сөз үнді **н** дыбысына бітіп, кейінгі сөз қатаң **қ** не **к** дыбыстарынан басталғанда, **н** дыбысы **ң** дыбысына, **к**, **к** дыбыстары **ғ**, **г** дыбыстарына айналады.

$$\begin{array}{l} \sqrt{\text{н+к}} = \sqrt{\text{ң+ғ}} \\ \sqrt{\text{н+к}} = \sqrt{\text{ң+г}} \end{array}$$

Қазан+қап = Қазаң+ғап
ортан қолдай = ортаң ғолдай
мен көрдім = мең гөрдім
Есен+келді = Есең+гелді

2. Сөз **с** дыбысына бітіп, кейінгі сөз **ж** дыбысынан басталғанда, екеуі де **ш** дыбысына айналады.

$$\sqrt{\text{с+ж}} = \sqrt{\text{ш+ш}}$$

тас жол = таш шол
Қос+жан = Қош+шан
бас жақ = баш шақ

Жіктік жалғау (Формы спряжения)

Жіктік жалғау – іс-әрекеттің кімге қатысты екенін білдіретін грамматикалық категория.

Қазақ тілінде есімдер де, етістіктер де жақ бойынша түрлене алады. Жіктік жалғаулары жақтық мағына берумен қатар, жекеше, көпше мағыналарды да бере алады. Қазақ тілінде жіктік жалғаудың төрт түрі бар.

Формы спряжения – это грамматическая категория, которая обозначает действие предмета. Формы спряжения бывают в 3-х лицах единственного и множественного числа. В казахском языке существуют четыре вида формы спряжения.

1-түрі. Зат есім, сын есім, есімдік, қалып етістіктері (**отыр, тұр, жатыр, жүр**), есімшелер, үстеулер.

Спряжения существительных, прилагательных, местоимений, глаголов состояния (**отыр, тұр, жатыр, жүр**), причастий, наречий.

Жақ (Лицо)	Жекеше (Ед. число)	Көпше (Множ. число)
I	-мын, -бын, -пын -мін, -бін, -пін	-мыз, -быз, -пыз -міз, -біз, -піз
	отыр-мын, студент-пін	отыр-мыз студент-піз
II	-сың -сің	-сыңдар -сіңдер
	отыр-сың, студент-сің	отыр-сыңдар студент-сіңдер
II (сыпайы түрі)	-сыз -сіз	-сыздар -сіздер
	отыр-сыз, студент-сіз	отыр-сыздар студент-сіздер
III	—	—
	отыр, студент	отыр, студент-(тер)

2-түрі. Көсемшенің **-а, -е, -й** және **-ып, -іп, -п** тұлғалы түрлері.

Спряжения деепричастий с суффиксами **-а, -е, -й** и **-п, -ып, -іп.**

Жак (Лицо)	Жекеше (Ед. число)	Көпше (Множ. число)
I	-мын, -пын -мін, -пін	-мыз, -ңыз -міз, -піз
	бар-а-мын, кел-е-мін	бар-а-мыз, кел-е-міз
II	-сың -сің	-сындар -сіндер
	бар-а-сың, кел-е-сің	бар-а-сындар, кел-е-сіндер
II (сыпайы түрі)	-сыз -сіз	-сыздар -сіздер
	бар-а-сыз, кел-е-сіз	бар-а-сыздар, кел-е-сіздер
III	-ды, -ты -ді, -ті	-ды, -ты -ді, -ті
	бар-а-ды, кел-е-ді	бар-а-ды, кел-е-ді

3-түрі. Нақтылы өткен шақ (-ды, -ді, -ты, -ті) пен шартты рай (са, -се) тұлғалары.

Спряжения прошедшего категорического времени (-ды, -ді, -ты, -ті) и условного наклонения (-са, -се).

Жак (Лицо)	Жекеше (Ед. число)	Көпше (Множ. число)
I	-м	-к, -к
	бар-ды-м, бар-са-м	бар-ды-к, бар-са-к
II	-ң	-ңдар, -ңдер
	бар-ды-ң, бар-са-ң	бар-ды-ңдар, бар-са-ңдер
II (сыпайы түрі)	-ңыз, -піз	-ңыздар, -піздер
	бар-ды-ңыз, бар-са-ңыз	бар-ды-ңыздар, бар-са-ңыздар
III	—	—
	бар-ды, бар-са	бар-ды, бар-са

4-түрі. Етістіктің бұйрық рай тұлғасы.

Спряжения глаголов повелительного наклонения.

Жак (Лицо)	Жекеше (Ед. число)	Көпше (Множ. число)
I	- айын, - ейін - йын, - йін	- айық, - ейік - йық, - йік
	бар-айын, кел-ейін	бар-айық, кел-ейік
II	—	-ыңдар, -індер -ндар, -ндер
	бар, кел	бар-ыңдар, кел-індер
II (сыпайы түрі)	-ыңыз, -іңіз -ңыз, -ңіз	-ыңыздар, -іңіздер -ңыздар, -ңіздер
	бар-ыңыз, кел-іңіз	бар-ыңыздар, кел-іңіздер
III	-сын, -сін	-сын, -сін
	бар-сын, кел-сін	бар-сын, кел-сін

Жалғаулардың орын тәртібі
(Порядок расположения окончаний)

Қазақ тілінде қосымшалардың өзіндік жалғану тәртібі бар. Сөзге **жұрнақ**, сонан кейін **көптік**, **тәуелдік**, **септік** және **жіктік** жалғаулары бірінен соң бірі жалғанады.

Для казахского языка характерен строгий порядок окончаний (аффиксов). Вначале к корню прибавляются суффиксы, аффиксы множественности, притяжательные аффиксы, падежные окончания, формы спряжения.

С ө з	Қосымшалар				
	жұрнақ	көптік жалғау	тәуелдік жалғау	септік жалғау	жіктік жалғау

оқу-шы-лар-ыңыз-быз
оқу-шы-лар-ыңыз-ға

Көптік жалғау
(Аффиксы множественности)

Көптік жалғауы сөздерге көптік мағына беретін көптік жалғаулары арқылы жасалады: **-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер.**

Формы множественного числа имен существительных образуются с помощью окончаний множественного числа: **-лар, -лер, -тар, -тер, -дар, -дер.**

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты және үнді (р, й, у)	Ұяң з, ж және үнді л, м, н, ң	Қатаң және ұяң б, в, г, д (Глухие и звонкие б, в, г, д)
Алдыңғы буын (Передний слог)	(Гласные и сонорные р, й, у)	(Звонкие з, ж и сонорные л, м, н, ң)	
Жуан (Твердый)	-лар	-дар	-тар
Жінішке (Мягкий)	-лер	-дер	-тер

Соңғы дыбыс (Конечный звук) Алдыңғы буын (Передний слог)	Дауысты және үнді (Гласные и сонорные р, й, у)	Ұяң з, ж және үнді л, м, н, н (Звонкие ж, з и сонорные л, м, н, н)	Қатаң және ұяң б, в, г, д (Глухие и звонкие б, в, г, д)
Жуан (Твердый)	бала+лар	қыз+дар	завод+тар
Жінішке (Мягкий)	әже+лер	әйел+дер	студент+тер

Тәуелдік жалғау (Притяжательные аффиксы)

Тәуелдік жалғау заттың белгілі біреуге тән екендігін білдіреді. Орыс тілінде мұндай қосымша жоқ: *дәптер+ім* (моя тетрадь), *дәптер+ің* (твоя тетрадь).

Притяжательные аффиксы указывают на принадлежность предмета тому или иному лицу. В русском языке таких аффиксов нет: *дәптер+ім* (моя тетрадь), *дәптер+ің* (твоя тетрадь).

Оңаша (Частная)

Соңғы дыбыс (Конечный звук) Жак (Лицо)	Дауысты (Гласный)		Дауыссыз (Согласный)	
I. Менің (мой, моя, мое, мои)	-м	-м	-ым	-ім
II. Сәнің (твой, твоя, твое, твои)	-ң	-ң	-ың	-ің
II. Сіздің (Ваш, Ваши, Ваше, Ваши)	-ңыз	-ңіз	-ыңыз	-іңіз
III. Оның (его, се)	-сы	-сі	-ы	-і
Буын (Слог)	жуан (твердый)	жінішке (мягкий)	жуан (твердый)	жінішке (мягкий)

Ортақ (Общая)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Жак (Лицо)	Дауысты (Гласный)		Дауыссыз (Согласный)	
I. Біздің (наш, наши)	-мыз	-міз	-ымыз	-іміз
II. Сендердің (Ваш, Ваши)	-лар } + ың	-лер } + ің	-дар -лар } + ың -тар }	-дер -лер } + ің -тер }
II. Сіздердің (Ваш, Ваши)	-лар } + ыңыз	-лер } + іңіз	-дар -лар } + ыңыз -тар }	-дер -лер } + іңіз -тер }
III. Олардың (Их)	-сы	-сі	-ы	-і
Буын (Слог)	жуан (твердый)	жіңішке (мягкий)	жуан (твердый)	жіңішке (мягкий)

Оңаша (Частная)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Жак (Лицо)	Дауысты (Гласный)		Дауыссыз (Согласный)	
I. Менің	аға+м	әке+м	ат+ым	ел+ім
II. Сенің	аға+ң	әке+ң	ат+ың	ел+ің
II. Сіздің	аға+ңыз	әке+ңіз	ат+ыңыз	ел+іңіз
III. Оның	аға+сы	әке+сі	ат+ы	ел+і
Буын (Слог)	жуан (твердый)	жіңішке (мягкий)	жуан (твердый)	жіңішке (мягкий)

Ортақ (Общая)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Жак (Лицо)	Дауысты (Гласный)		Дауыссыз (Согласный)	
	I. Біздің	аға+мыз	әке+міз	ат+ымыз
II. Сендердің	аға+ларың	әке+лерің	ат+тарың	ел+дерің
II. Сіздердің	аға+ларыңыз	әке+леріңіз	ат+тарыңыз	ел+деріңіз
III. Олардың	аға+сы	әке+сі	ат+тары	ел+і
Буын (Слог)	жуан (твердый)	жіңішке (мягкий)	жуан (твердый)	жіңішке (мягкий)

Септік категориясы (Категория склонения)

Септік жалғауы сөз бен сөздің арасын байланыстырып, оларды өзара қарым-қатынасқа түсіреді. Қазақ тілінде 7 септік бар.

Образование падежных форм имен существительных осуществляется с помощью падежных окончаний. В казахском языке имеется 7 падежных форм.

Септіктер (Падежи)	Сұрақтары (Вопросы)	Жалғаулары (Окончания)
1. Атау (Именительный)	кім? не? (кто? что?)	
2. Ілік (Родительный)	кімнің? ненің? (чей? чья? чье? кого? чего?)	-ның, -нің, -дың -дің, -тың, -тің
3. Барыс (Дательно- направительный)	кімге? неге? қайда? (кому? чему? куда)	-ға, -ге, -қа, -ке -а, -е, -на, -не
4. Табыс (Винительный)	кімді? нені? (кого? что?)	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н
5. Жатыс (Местный)	кімде? неде? қайда? қашан? (у кого? в ком? у чего? в чем? на чем? где? когда?)	-да, -де, -та, -те, -нда, -нде

6. Шығыс (Исходный)	кімнен? неден? қайдан? (от кого? у кого? от чего? из чего? откуда?)	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен
7. Көмектес (Творительный)	кіммен? немен? қалай? (с кем? с чем? как?)	-мен (менен), -бен (бенен), -пен (пенен)

Ілік септік (Родительный падеж)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Буын (Слог)	Дауысты, үнді м, н, ң (Гласные, сонорные м, н, ң)	Ұяң з, ж, үнді р, л, й, у (Звонкие з, ж, сонорные р, л, й, у)	Қатаң, ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)
Жуан (твердый)	-ның	-дың	-тың
	бала-ның	қағаз-дың	ат-тың
Жіңішке (мягкий)	-нің	-дің	-тің
	әке-нің	ел-дің	студент-тің

Барыс септік (Дательно-направительный падеж)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Буын (Слог)	Дауысты, үнді, ұяң з, ж, (Гласные, сонорные, звонкие з, ж)	Қатаң, ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)	I, II жак тәуелдік жалғауы (I, II лица притяжа- тельной формы)	III жак тәуелдік жалғауы (III лицо притяжа- тельной формы)
Жуан (Твердый)	-ға	-қа	-а	-на
	бала-ға	ат-қа	балам-а	баласы-на
Жіңішке (Мягкий)	-ге	-ке	-е	-не
	әке-ге	студент-ке	әке-ме	әкесі-не

Табыс септік (Винительный падеж)

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты (Гласные)	Үнді, ұяң з, ж (Сонорные, звонкие з, ж)	Қатан, ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)	ІІІ жақ тәуелдік жалғауы (ІІІ лицо при- тяжательной формы)
Буын (Слог)				
Жуан (Твердый)	-ны	-ды	-ты	-н
	бала-ны	қағаз-ды	ат-ты	баласы-н
Жіңішке (Мягкий)	-ні	-ді	-ті	-н
	әке-ні	ел-ді	студент-ті	әкесі-н

Жатыс септік (Местный падеж)

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты, үнді, ұяң з, ж (Гласные, сонорные, звонкие з, ж)	Қатан, ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)	ІІІ жақ тәуелдік жалғауы (ІІІ лицо при- тяжательной формы)
Буын (Слог)			
Жуан (Твердый)	-да қағаз-да	-та ат-та	-нда баласы-нда
Жіңішке (Мягкий)	-де ел-де	-те студент-те	-нде әкесі-нде

Шығыс септік (Исходный падеж)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Буын (Слог)	Дауысты, ұяң з, ж, үнді р, л, й, у (Гласные, звонкие з, ж, сонорные р, л, й, у)	Үнді м, н, ң, ІІІ жақ тәуел- дік жалғауы (Сонорные м, н, ң, ІІІ лицо притяжатель- ной формы)	Қатаң, ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)
Жуан (Твердый)	-дан	-нан	-тан
	қағаз-дан	ағам-нан	ат-тан
Жіңішке (Мягкий)	-ден	-нен	-тен
	ел-ден	әкем-нен	студент-тен

Көмектес септік (Творительный падеж)

Сонғы дыбыс (Конечный звук) Буын (Слог)	Дауысты, үнді (Гласные, сонорные)	Ұяң з, ж (Звонкие з, ж)	Қатаң, ұяң б, в, г, д (Глухие, звонкие б, в, г, д)
Жуан (Твердый)	- мен/менен	- бен/бенен	- пен/пенен
Жіңішке (Мягкий)	ел-мен	қағаз-бен	студент-пен

Сұраулық шылаулар (Вопросительные частицы)

Қазақ тіліндегі **ма? (ме? ба? бе? па? пе?)** сұраулық шылаулары орыс тіліндегі **ли** частицасына сәйкес келеді және ешқашан түсіріліп айтылмайды.

Вопросительные частицы **ма? (ме? ба? бе? па? пе?)** в казахском языке соответствуют частице **ли** в русском языке и никогда в речи не опускаются.

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты, үнді р, л, й, у (Гласные и сонорные р, л, й, у)	Ұяң з, ж және үнді м, н, н (Звонкие з, ж и сонорные м, н, н)	Қатаң және ұяң б, в, г, д (Глухие и звонкие б, в, г, д)
Буын (Слог)			
Жуан (Твердый)	ма?	ба?	па?
Жінішке (Мягкий)	ме?	бе?	пе?

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты және үнді р, л, й, у (Гласные и сонорные р, л, й, у)	Ұяң з, ж және үнді м, н, н (Звонкие з, ж и сонорные м, н, н)	Қатаң және ұяң б, в, г, д (Глухие и звонкие б, в, г, д)
Буын (Слог)			
Жуан (Твердый)	ұл ма? барды ма?	қыз ба? бардың ба?	завод па? алыс па?
Жінішке (Мягкий)	терезе ме? келді ме?	теңіз бе? келдің бе?	ит пе? күшік пе?

Болымсыз етістік (Отрицательная форма глагола)

Болымсыз етістік етістікке болымсыздық **-ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе)** қосымшаларының тіркесуі арқылы жасалады.

Отрицательная форма глагола образуется присоединением к основе глагола аффиксов отрицания **-ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе)**.

Соңғы дыбыс (Конечный звук) Буын (Слог)	Дауысты, үнді р, л, й, у (гласные и сонорные р, л, й, у)	Ұяң және үнді м, н, ң (звонкие и сонорные м, н, ң)	Қатаң (Глухие)
Жуан (Твердый)	-ма	-ба	-па
Жіңішке (Мягкий)	-ме	-бе	-пе

Соңғы дыбыс (Конечный звук) Буын (Слог)	Дауысты, үнді р, л, й, у (гласные и сонорные р, л, й, у)	Ұяң және үнді м, н, ң (звонкие и сонорные м, н, ң)	Қатаң (Глухие)
Жуан (Твердый)	бар+ ма қара+ ма	жаз+ ба нан+ ба	айт+ па шық+ па
Жіңішке (Мягкий)	кел+ ме жүр+ ме	ез+ бе сен+ бе	іш+ пе өт+ пе

Зат есім
(Имя существительное)

Заттық ұғымды білдіріп, **кім? не?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табын **зат есім** деп атайды.

Именами существительными называются части речи, обозначающие предметы и отвечающие на вопросы **кто? (кім?) что? (не?)**.

	Түрлері (Типы)	Мысалдар (Примеры)
I. Мағынасына қарай (По значению)	1. Жалпы (Нарицательные)	бала, адам, дала, үй
	2. Жалқы (Собственные)	Болат, Алматы, Қазақстан
II. Түлғасына қарай (По способу образования)	1. Негізгі (Непроизводные)	ел, жер, су, от, қала
	2. Туынды (Производные)	қойшы, балалық, білім, айтыс
III. Құрамына қарай (По составу)	1. Дара (Простые)	тарак, жылқы, ауыл, жігіт
	2. Күрделі (Сложные)	
	а) Біріккен (Сращенно-слитные)	бәйтерек, белбеу, Ақсу, қырықаяқ, күнбағыс, орынбасар
	ә) Қосарлы (Парные)	ата-ана, ел-жұрт, ой-қыр, жауын-шашын, тамыр-таныс
	б) Тіркесті (Слово-сочетания)	аяқ киім, балалар бақшасы, ауыл шаруашылығы, сары май
	в) Қысқарған (Сложно-сокращенные)	ҚазМҰУ, атком, пединститут, диамат, см, кг, кв, мм

Сын есім
(Имя прилагательное)

Заттың түрін, түсін, сынын, сипатын білдіретін сөз табын **сын есім** деп атайды. Сұрақтары: **қандай? қай?**

Имя прилагательное обозначает различные признаки предмета и отвечает на вопросы **какой? (қандай?) какая? какое? какие?**

	Түрлері (Типы)	Мысалдар (Примеры)
I. Мағынасына қарай (По значению)	1. Сапалық (Качественные)	ақ, қара, жеңіл, үлкен
	2. Қатыстық (Относительные)	тұзды, арманды, ақшалы
II. Тұлғасына қарай (По способу образования)	1. Негізгі (Непроизводные)	жақсы, әдемі, кең, суық
	2. Туынды (Производные)	қысқы, таулы, сынық, өткір
III. Құрамына қарай (По составу)	1. Дара (Простые)	кіші, тар, нәзік, мол
	2. Күрделі (Сложные)	ойлы-қырлы, қызыл ала, ұзын бойлы, жақсы-жаман

Сын есімнің жасалуы (Словообразование имен прилагательных)

I. Морфологиялық (синтетикалық) тәсіл арқылы жасалуы.
(Морфологический (синтетический) способ словообразования).

1. Сын есімдердің есімдерден жасалуы (Образование прилагательных от имен)

Жұрнақтар (Аффиксы)	Мысалдар (Примеры)
1. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті	атақты, пайдалы, тасты
2. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	қалалық, жылдық, қоғамдық
3. -сыз, -сіз	пайдасыз, білімсіз, ақылсыз
4. -қы, -кі, -ғы, -гі	жазғы, күзгі, қазіргі, ішкі
5. -шыл, -шіл	турашыл, ұйқышыл, көпшіл
6. -дай, -дей, -тай, -тей	таудай, тактайдай, үйдей
7. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес	пікірлес, қызметтес, көршілес
8. -шаң, -шең	көйлекшең, сөзшең, ашушаң
9. -и	әдби, мәдени, тарихи, әскери
10. -қой	сәнқой, әзілқой, кәсіпқой
11. -қор	жемқор, жалақор, ызақор
12. -паз	өнерпаз, білімпаз, жағымпаз
13. -дар, -тар	қарыздар, білімдар, хабардар

**2. Сын есімдердің етістіктерден жасалуы
(Образование прилагательных от глаголов)**

Жұрнақтар (Аффиксы)	Мысалдар (Примеры)
1. -қ, -к, -ық, -ік, -ақ, -ек	сыпық, жабық, ашық, сирек, ісік
2. -қыш, -кіш, -ғыш, -гіш	сенгіш, сезгіш, тапқыш, тоңғыш
3. -қыр, -кір, -ғыр, -гір	тапқыр, откір, білгір, ұшқыр
4. -дық, -дік	жалаулық, тістеуік, маңырауық
5. -нді, -інді, -нды, -ынды	туынды, жаттанды, жасаңды
6. -ңқы, -іңкі, -ыңқы, -іңкі	басыңқы, ісіңкі, көтеріңкі
7. -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	қызба, бөспе, даурықпа, құрама
8. -малы, -мелі, -балы, -белі, -палы, -пелі	ауыспалы, таңдамалы, серіппелі, бүрмелі
9. -улы, -улі	ерттеулі, жинаулы, бүктеулі
10. -ымды, -імді, -мды, -мді	жарамды, сенімді, тиімді, қонымды
11. -шақ, -шек	мақтаншақ, еріншек
12. -қақ, -ғақ	жабысқақ, тоңғақ, майысқақ
13. -қы, -кі, -ғы, -гі	жинақы, күлдіргі, бұралқы
14. -ғылықты, -гілікті, -қылықты, -кілікті	жергілікті, тұрғылықты, жеткілікті, тыңғылықты
15. -аған, -еген	сүзеген, қабаған, қашаған

**II. Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл арқылы жасалуы
(Синтаксический (аналитический) способ словообразования)**

I. Қосарлы сын есім	а) ұзын-ұзын, биік-биік ә) ұзынды-қысқалы, үлкенді-кішілі б) ұсақ-түйек, жаман-жұман в) қоғамдық-саяси, әскери-саяси
II. Тіркесті сын есім	а) қара қасқа, қызыл ала ә) ақ шашты, қысқа бойлы б) жібек баулы, ат жақты
III. Тұрақты тіркес	а) қолы ашық, тілі ұзын, көзі ашық ә) көңіл көтерсерлік, күн көрерлік

**Сын есімнің шырайлары
(Степени сравнения прилагательных)**

Шырай түрлері (Степени сравнения)	Жұрнақтары (Аффиксы)	Мысалдар (Примеры)
I. Жай шырай (Положительная степень)		әдемі, жақсы, ақ, көк
II. Салыстырмалы шырай (Сравнительная степень)	-рақ, -рек, -ырақ, -ірек -лау, -леу, -дау, -тау, -теу -кыл, -ғыл, -кылт, -ғылт, -ғылтым, -кылтым -шыл, -шіл, -шылтым -ілдір -ақ, -қай, -ғыш	жақсырақ, ағырақ, көгірек жақсылау, ақтау, көктеу кукыл, бозғыл, сұрғылт, сұрғылтым ақшыл, ақшылтым көгілдір бозаң, қартаң, сарғыш
III. Күшейтпелі шырай (Превосходная степень)	1. Күшейткіш буын арқылы 2. өте, тым, аса, бек, тіпті, нағыз, ең, нақ	жап-жақсы, әп-әдемі, сап-сары, қап-қара өте әдемі, тым жақсы, аса биік, тіпті жақын

Сан есім
(Имя числительное)

Заттың санын, ретін, мөлшерін білдіретін сөз табын **сан есім** деп атайды.

Имя числительное обозначает количество, порядок предметов. Отвечает на вопросы **қанша? неше? (сколько?) нешінші? (который?)**.

Түрлері (Типы)		Мысалдар (Примеры)
I. Тұлғасына қарай (По способу образования)	1. Негізгі (Непроизводные)	екі, төрт, елу, қырық
	2. Туынды (Производные)	бірінші, екеу, елудей
II. Құрамына қарай (По составу)	1. Дара (Простые)	бір, он, жүз, мың
	2. Күрделі (Сложные)	он бес, бес жүз, елу мың
III. Мағынасына қарай (По значению)	1. Есептік (Количественные)	бір, екі, жүз, мың
	2. Реттік (Порядковые)	бірінші, жүзінші
	3. Жинақтық (Собирательные)	бірсу, екеу, бесеу
	4. Топтау (Разделительные)	оннан, мыңнан, екіден
	5. Болжалдық (Предположительные)	бірер, елудей, жүздеп
	6. Болшектік (Дробные)	үштен бір, оннан екі

Сан есімнің мағыналық түрлері (Разряды имен числительных)

Түрлері (Типы)	Сұрақтары (Вопросы)	Жасалу жолдары (Способы образования)	Мысалдар (Примеры)
1. Есептік (Количес- венные)	қанша? неше? (сколько?)		бір, екі, үш, төрт, бес, он, жиырма, отыз, елу, жүз, жүз мың, бес мың
2. Реттік (Порядковые)	нешінші? қаншасыншы? (который?)	-ыншы, -інші, -ншы, -нші	бірінші, оныншы, жүзінші, мыңыншы
3. Жинақтық (Собира- тельные)	нешеу? (сколько?)	-ау, -еу	біреу, екеу, үшеу, төртеу, бессеу, алтау, жетеу
4. Топтау (Раздели- тельные)	нешеден? қаншадан? (по сколько?)	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен	бестен, оннан, жүзден, отыз бестен, екі-екіден, бір литрден
5. Болжалдық (Предполо- жительные)	қанша? неше? қаншадай? нешеге жуық? (приблизி- тельно сколько?)	-дай,-дей, -тай, -тей, -даған,-деген, -таған,-теген -ер -лап, -леп, -дап, -деп, -лар+септік жалғ. есептік+есептік	слудей, отыздай, жетпістей, ондаған, жүздеген, мыңдаған бірер ондап, елулеп, жүздеп ондарда, елулерде екі-үш, елу-алпыс
6. Бөлшектік (Дробные)	қанша? неше? (сколько?)	есептік+пшығыс сеп жарты, жарым, ширек	оннан бір, бір бүтін бестен үш, мың жарым, жүздің жартысы

Реттік сан есім (Порядковые числительные)

Реттік сан есім есептік сан есімдерге **-ншы (-ыншы, -нші, -інші)** қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады.

Порядковые числительные образуются от количественных числительных с помощью окончаний **-ншы (-ыншы, -нші, -інші)**.

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты (Гласные)	Дауыссыз (Согласные)
Буын (Слог)		
Жуан (Твердый)	-ншы	-ыншы
Жіңішке (Мягкий)	-нші	-інші

Соңғы дыбыс (Конечный звук)	Дауысты (Гласные)	Дауыссыз (Согласные)
Буын (Слог)		
Жуан (Твердый)	алты+ ншы	тоғыз+ ыншы
Жіңішке (Мягкий)	екі+ нші	бір+ інші

Есімдік (Местоимение)

Заттың, құбылыстың атын, сынын, санын білдірмейтін, бірақ солардың орнына қолданылатын сөз табын **есімдік** деп атайды.

Местоимения – это слова, которые указывают на предметы и лица или их признаки, но не называют их.

Түрлері (Типы)		Мысалдар (Примеры)
I. Тұлғасына қарай (По способу образования)	1. Негізгі (Непроизводные)	мен, сен, не, кім
	2. Туынды (Производные)	біреу, мынау, қандай, барлық
II. Құрамына қарай (По составу)	1. Дара (Простые)	ол, анау, сонау, қанша
	2. Күрделі (Сложные)	бірнеше, кейбіреу, ешкім, әрбір, бірде-бір, қай-қайсы, кімде-кім
III. Мағынасына қарай (По значению)	1. Жіктеу (Личные)	мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, олар, сіздер
	2. Сілтеу (Указательные)	бұл, сол, ол, мына, мынау, осы, осынау, міне, әні, сона, сонау, өне, әнеки, анау
	3. Сұрау (Вопросительные)	кім? не? неше? қай? қандай? қалай? қанша? қайсы? қайдан? қайда? нешеу?
	4. Өздік (Возвратные)	өз, өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз
	5. Белгісіздік (Неопределенные)	а) бір, біреу, бірдене, бірнеше, біреу-міреу, кейбір, кейбіреу, қайсыбір ә) әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әрдайым, әрқашан б) әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әрнеше, әрқалай, әлдеқашан, алдақашан
	6. Болымсыздық (Отрицательные)	еш, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқайда, ештеме, дәнеме, ешқайсы, түк
	7. Жалпылау (Определительные)	бәрі, бүкіл, барлық, күллі, бүтін, бар, бүткіл, түгел

Жіктеу есімдіктерінің септелуі (Склонения личных местоимений)

Жак (Лицо) Септіктер (Падежи)	Жекеше (Единственное число)			
	I	II	II Сыпайы түрі (Вежливая форма)	III
1. Атау (Именительный)	мен (я)	сен (ты)	сіз (вы)	ол (он, она, оно)
2. Ілік (Родительный)	менің (мой, моя, мое)	сенің (твой, твоя, твое)	сіздің (ваш)	оның (его, ее)
3. Барыс (Дательно-направительный)	маған (мне)	саған (тебе)	сізге (вам)	оған (ему, ей)
4. Табыс (Винительный)	мені (меня)	сені (тебя)	сізді (вас)	оны (его, ее)
5. Жатыс (Местный)	менде (у меня)	сенде (у тебя)	сізде (у вас)	онда (у него, у нее)
6. Шығыс (Исходный)	менен (от меня, у меня)	сенен (от тебя, у тебя)	сізден (от вас, у вас)	онан (от него, от нее, у нее)
7. Кокектес (Творительный)	меніммен (со мной)	сенімен (с тобой)	сізбен (с вами)	онымен (с ним, с ней) (от нее, у нее, у него)

Көпше (Множественное число)				
Жак (Лицо) Септіктер (Падежи)	I	II	II Сыпайы түрі (Вежливая форма)	III
1. Атау (Именительный)	біз (мы)	сендер (вы)	сіздер (вы)	олар (они)
2. Ілік (Родительный)	біздің (наше)	сендердің (ваш)	сіздердің (ваш)	олардың (их)
3. Барыс (Дательно-направительный)	бізге (нам)	сендерге (вам)	сіздерге (вам)	оларға (им)

4. Табыс (Винительный)	бізді (нас)	сендерді (вас)	сіздерді (вас)	оларды (их)
5. Жатыс (Местный)	бізде (у нас)	сендерде (у вас)	сіздерде (у вас)	оларда (у них)
6. Шығыс (Исходный)	бізден (от нас, у нас)	сендерден (от вас, у вас)	сіздерден (от вас, у вас)	олардан (от них, у них)
7. Көмектес (Творительный)	бізбен (со мной)	сендермен (с вами)	сіздермен (с вами)	олармен (с ними)

Сілтеу есімдіктерінің септелуі
(Склонение указательных местоимений)

Есімдіктер (Местоимения) Септіктер (Падежи)	Бұл	Сол	Осы	Ана	Мына
1. Атау (Именительный)	бұл (это, этот)	сол (тот)	осы (это)	ана (вон, тот)	мына (это)
2. Ілік (Родительный)	бұның (этого)	соның (того)	осының (этого)	ананың (того)	мынаның (этого)
3. Барыс (Дательно- направительный)	бұған (этому)	соған (тому)	осыған (этому)	анаған (тому)	мынаған (этому)
4. Табыс (Винительный)	бұны (этого, эту)	соны (того, ту)	осыны (этого)	ананы (того)	мынаны (этого)
5. Жатыс (Местный)	бұнда (здесь)	сонда (там)	осында (здесь)	анада (в том)	мынада (в этом)
6. Шығыс (Исходный)	бұдан (от этого)	содан (от того, оттуда)	осыдан (от этого)	анадан (от того)	мынадан (от этого)
7. Көмектес (Творительный)	бұнымен (с этим)	сонымен (с тем)	осымен (с этим)	анамен (с тем)	мынамен (с этим)

**Сілтеу есімдіктерінің тәуелденуі
(Притяжательная форма указательных местоимений)**

Есімдіктер (Местоимения) Жақ (Лицо)	Бұл	Сол	Ол	Осы
I. Менің	бұным мұным	соным	оным	осым
II. Сенің	бұның мұның	соның	оның	осың
II. Сіздің	бұныңыз мұныңыз	соныңыз	оныңыз	осыңыз
III. Оның	бұнысы мұнысы	сонысы	онысы	осысы осынысы

**Өздік есімдіктің септелуі
(Склонение возвратного местоимения)**

Жекеше (Единственное число)				
Жақ (Лицо) Септіктер (Падежи)	I	II	II (Сыпайы түрі) (Вежливая форма)	III
1. Атау (Именительный)	өзім (я сам, я сама)	өзің (ты сам, ты сама)	өзіңіз (вы сами)	өзі (он сам, она сама)
2. Ілік (Родительный)	өзімнің	өзіңнің	өзіңіздің	өзінің
3. Барыс (Дательно- направительный)	өзіме	өзіңе	өзіңізге	өзіне
4. Табыс (Винительный)	өзімді	өзіңді	өзіңізді	өзін
5. Жатыс (Местный)	өзімде	өзіңде	өзіңізде	өзінде
6. Шығыс (Исходный)	өзімнен	өзіңнен	өзіңізден	өзінен
7. Комактес (Творительный)	өзіммен	өзіңмен	өзіңізбен	өзімен

Көпше (Множественное число)

Септіктер (Падежи) / Жак (Лицо)	I	II	II Сыпайы түрі (Всжливая форма)	III
1. Атау (Именительный)	өзіміз (мы сами)	өздерің (вы сами)	өздеріңіз (вы сами)	өздері (они сами)
2. Ілік (Родительный)	өзіміздің өздеріміздің	өздеріңнің	өздеріңіздің	өздерінің
3. Барыс (Дательно- направительный)	өзімізге өздерімізге	өздеріңе	өздеріңізге	өздеріне
4. Табыс (Винительный)	өзімізді өздерімізді	өздеріңді	өздеріңізді	өздерін
5. Жатыс (Местный)	өзімізде өздерімізде	өздеріңде	өздеріңізде	өздерінде
6. Шығыс (Исходный)	өзімізден өздерімізден	өздеріңнен	өздеріңізден	өздерінен
7. Көмектес (Творительный)	өзімізбен өздерімізбен	өздеріңмен	өздеріңізбен	өздерімен

Етістік (Глагол)

Етістік заттың қимылын, іс-әрекетін білдіріп, **не істеді? не қылды?** деген сұрақтарға жауап береді.

Глагол обозначает действие предмета и отвечает на вопросы **что делать? что сделать?**

Түрлері (Типы)		Мысалдар (Примеры)
I. Тұлғасына қарай (По способу образования)	1. Негізгі (Непроизводные)	оқы, жаз, бар, кел, бер
	2. Туынды (Производные)	тұзда, ойна, кешік, тазар
II. Мағынасына қарай (По значению)	1. Негізгі (Основные)	ал, қал, көр, сөйле, әкел
	2. Көмекші (Вспомогательные)	а) е, ет, де ә) бол, әкет, тұр, шық
III. Объектіге қатынасына қарай (По отношению к объекту)	1. Салт (Непереходные)	бар, кел, отыр, жүр, тұр
	2. Сабақты (Переходные)	жаз, ал, бер, айт, аш, жап
IV. Іс-әрекеттің орындалуына қарай (По отношению к результату действия)	1. Болымды (Положительные)	бар, кел, оқы, жаз
	2. Болымсыз (Отрицательные)	барма, барған жоқ, келген емес
V. Құрамына қарай (По составу)	1. Дара (Простые)	жаз, оқы, ойна, гүлде

Күрделі етістік	<p>2. Күрделі (Сложные) а) Құрама $\sqrt{\text{етістік}+\text{етістік}}$ (Составные) $\sqrt{\text{глагол}+\text{глагол}}$</p>	барып кел, кіріп шық, келіп кет, алып бар, алып қайт
	<p>ә) Құранды $\sqrt{\text{есім}+\text{етістік}}$ (Составные) $\sqrt{\text{имя}+\text{глагол}}$</p>	жәрдем ет, қызмет қыл, адам бол, арман ет, үлгі қыл, қабыл ал
	<p>б) Қосарлы (Парные)</p>	алдап-сулау, арып-ашып, шаршап-шалдығу, ойланып-толғану
Аналитикалық формалы	<p>в) Біріккен (кіріккен) (Сращенно-слитные)</p>	апар, әкел, әпер, бүйт, сүйт, өйт
	<p>г) Тұрақты (Фразеологические)</p>	ауыз жаласу, таяқ жеу, жүрек жалғау, опық жеу, жігері құм болу, бос қою
	<p>д) Аналитикалық $\sqrt{\text{етістік}+\text{көмекші етістік}}$ (Аналитические) $\sqrt{\text{глагол}+\text{вс. глагол}}$</p>	барып еді, айта сал, оқи бер, жазып бер, алып жібер

Етіс (Залог)

Іс-әрекет, қимыл мен субъект және объект арасындағы қатынастарды білдіретін етістіктің категориясы **етіс** деп аталады.

Залог глагола выражают возможные отношения между действующим лицом и объектом действия.

Түрлері (Типы)	Жұрнақтар (Аффиксы)	Мысалдар (Примеры)
1. Өздік (Возвратный)	-ын, -ін, -н	киінді, таранды, жуынды
2. Ырықсыз (Страдательный)	-ыл, -іл, -л -ын, -ін, -н	киілді, таралды, жуылды салынды, әкелінді
3. Ортақ (Совместный)	-ыс, -іс, -с	сөйлесті, ойласты, әкелісті
4. Өзгелік (Побудительный)	-дыр, -дір, -тыр, -тір -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз, -т	жуғызды, жаздырды, айтқыздырды, кескіз, әкелдір, келтір, жүгірт

Есімше (Причастие)

Есімге де, етістікке де тән грамматикалық белгілерді қамтитын етістіктің категориясы **есімше** деп аталады.

Причастие — это форма глагола, обозначающая принадлежность предмета к действию и имеющая признаки глагола и прилагательного.

Түрлері (Типы)	Жұрнақтар (Аффиксы)	Мысалдар (Примеры)
1. Өткен шақ (Прошедшее)	-ған, -ген, -қан, -кен	барған, келген, айтқан, кеткен
2. Келер шақ (Будущее)	-ар, -ер, -р, -с (болымсыздық)	барар, келер, айтар, кетер, бармас, келмес
3. Дағдылы (Обычнос)	а) -атын, -етін, -йтын, -йтін ә) -ушы, -уші	баратын, келетін, оқитын барушы, келуші
4. Мақсат (Цели)	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	бармақ, келмек, айтпақ, көрмек, кетпек

Көсемше (Деепричастие)

Етістікке тән кимыл-әрекеттің себебін, белгісін, сын-сипатын көрсетіп тұратын категория **к о с е м ш е** деп аталады.

Деепричастие — это форма глагола, обозначающая добавочное действие по отношению к основному действию.

Түрлері (Типы)	Жұрнақтар (Аффиксы)	Мысалдар (Примеры)
1. Өткен шақ (Прошедшее)	-ып, -іп, -п	барып, келіп, оқып
2. Ауыспалы шақ (Переходное)	- а, -е, -й	бара, келе, ойнай
3. Мақсат (Цели)	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі	барғалы, келгелі, айтқалы, кеткелі
4. Мезгіл (Времени)	-ғанша, -генше, -қанша, -кенше	барғанша, келгенше, кеткенше
5. Шарт (Условия)	-майынша, -мейінше	бармайынша, келмейінше, бермейінше

**Нақ осы шақ (Жай түрі)
Собственно-настоящее время (Простая форма)**

Нақ осы шақ сөйлеу кезінде болып жатқан іс-әрекетті білдіреді.

Нақ осы шақтың жай түрі *отыр, тұр, жатыр, жүр* көмекші етістіктеріне жіктік жалғауының тіркесуі арқылы жасалып, іс-әрекет, қимылдың тура сөйлеу кезеңінде болып жатқандығын білдіреді.

Собственно-настоящее время обозначает действие, которое происходит в момент речи. Оно имеет две формы: **простую** и **сложную**.

Простая форма образуется от четырех глаголов: *отыр, тұр, жатыр, жүр* путем прибавления к ним личных окончаний.

